

Г.К. Отарбаева^{ID*}, А.К. Отарбаева^{ID}

*М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан
(E-mail: gulzhan.otarbayeva@gmail.com; azha_78@mail.ru)*

XX ғ. 20-30 жылдарындағы Түркия мен Кеңес Одағының өзара байланыстарының тарихы

Мақалада Бірінші дүниежүзілік соғыс аяқталғаннан кейін Түркияның азаттық соғысы жүріп жатқан кезде кеңес-түрік диалогының қалыптасу процесі және КСРО-ның Түркияның осы соғыстағы жеңісіне қосқан үлесі қарастырылған. Авторлар кеңес-түрік ынтымақтастығының себептері мен оң нәтижелерін және Анкараның елдегі коммунистік ықпалдың ықтимал таралуы туралы ұстанымын талдайды. Анкара мен Мәскеу арасындағы дипломатиялық қатынастардың оңнан негативке ауысуын зерделеген. Сонымен қатар Лозанна конференциясы қарсаңында бұғаздар мәселесі бойынша позициялардың сәйкессіздіктерін зерттейді, бұғаздар мәселесі бойынша екі Үкіметтің ұстанымдарын анықтайды. 1923 жылдың ортасында кеңес-түрік қатынастарында салқындауға әкелген себептерді анықтау бойынша Кеңес үкіметінің қызметі баяндалады. Мақалада XX ғасырдың 30-жылдарының аяғында Түркияның Кеңес Одағына қатысты ұстанымына Германиямен (кеңес-фин соғысы және т.б.) мүдделер салаларын бөлу туралы уағдаластықтарды іске асыру шеңберінде КСРО қабылдаған дипломатиялық және әскери шаралардың әсері талданған.

Кілт сөздер: Кеңес Одағы, Түркия, сыртқы саясат тарихы, Кеңес Одағының сыртқы саясаты, Кеңес үкіметі мен Түркия қарым-қатынасы, КСРО және Түркия мүдделері.

Кіріспе

XX ғасырдың соңында Жер шарының өмірінде түбегейлі өзгерістердің орын алғаны баршамызға белгілі. Қысқа уақыттың ішінде халықаралық қатынастар жүйесінде жаһандық трансформациялық үдерістер орын алды. Социализмнің әлемдік жүйесінің қирауы және Кеңес Одағының ыдырауы халықаралық аренадағы күштердің арақатынасын өзгеріске ұшыратты. Әлемдік жүйе сипатының және оның мәнінің өзгеруі әр мемлекеттің екіжақты қарым-қатынастарына ықпал етті. Мемлекеттердің арасындағы өзара байланыстар кластық және идеологиялық критерийлермен емес, тарихи, өркениеттік, геосаяси және этникалық факторлармен анықтала бастады. Еуразиядағы оқиғалардың динамикалық тұрғыдан дамуы Ресей мен Түркияның мүдделерінің шкаласын және олардың ішкі/сыртқы саясатын өзгеріске ұшыратты, екі мемлекеттің өзара байланыстарының сипатына ықпал етті. Әрине, қазіргі уақытта Ресей мен Түркияның саяси қарым-қатынастарының деңгейі Орталық Азия, Закавказье және Қара теңізі аймағындағы жағдайға ықпал етуі мүмкін. Осыны ескере отырып, біз үшін XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы КСРО мен Түркия арасындағы қатынастардың тарихын зерттеу үлкен қызығушылық танытады. XX ғасырдың 20–30 жылдарындағы кеңес-түрік қатынастары екі мемлекет үшін де өзара тиімді жағдайда қалыптасты. 1921, 1925 және 1927 жылдары келісімшарттар кеңес-түрік қатынастарының дамуының негізіне айналды. Дегенмен, қарастырып отырған кезеңдегі екі мемлекеттің өзара байланыстарында қарама-қайшылықтар орын алып және бұл екі жақты қатынастардың дамуына айтарлықтай ықпал етті. Сондықтан, XX ғ. 20–30 жылдарындағы КСРО мен Түркияның өзара байланыстарын зерттеудің ғылыми маңызы бар. Сонымен бірге, қарастырылып отырған кезеңдегі кеңес-түрік қатынастары отандық тарихнамада зерттелмеген, кешенді жұмыстар жоқтың қасы.

Зерттеу әдістері

XX ғ. 20–30 жылдарындағы Кеңес Одағы мен Түркия арасындағы өзара байланыстар тарихын қарастыру барысында историзм, жүйелілік және объективтілік принциптеріне негізделген жалпы ғылыми және жалпы тарихи әдістердің кешені қолданылды. Тақырыпты зерттеу барысында проблемалық-хронологиялық әдіс пайдаланылды және бұл әдіс кеңес-түрік қатынастарының жекелеген кезеңдерін талдауға және бұл қатынастардың трансформациялануын хронологиялық тұрғыдан бірізді зерттеуге және өзара байланысы бар тарихи оқиғалар мен үдерістерді кезеңдеуге

* Хат-хабарларға арналған автор. E-mail: gulzhan.otarbayeva@gmail.com

мүмкіндік берді. Сонымен бірге, мақалада алға қойған мәселені зерттеуде тарихи-генетикалық және тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды. Тарихи-генетикалық әдіс ХХ ғ. 20–30 жылдарында кеңестүрік қатынастарының өзгеруін зерттеу барысында, ал, тарихи-салыстыру әдісі қарастырып отырған кезеңдегі Түркияның және Кеңес Одағының сыртқы саяси стратегиясын салыстыра зерттеуде және көптеген фрагменттерді қамтыған кеңес-түрік қатынастарының жалпы бейнесін құру барысында пайдаланылды.

Талқылау

Тарихи тұрғыдан алғанда кеңес-түрік қатынастары айтарлықтай күрделі сипатқа ие болды. Мысалы, патшалық Ресей мен Осман империясы арасында Қырым, Балқан түбегі және Кавказдағы территориялар үшін, Еуропада саяси ықпал ету мақсатында және стратегиялық тұрғыдан үлкен маңызға ие Босфор мен Дарданелла бұғаздарына бақылау орнату үшін соғыстардың болғаны белгілі. Әрине, мұндай карама-қайшы сипатқа ие болған екіжақты қатынастардың тарихы КСРО мен Түркияның географиялық жағдаймен, сауда саласындағы мүдделерімен, сонымен бірге екі елдің мәдени-тарихи ерекшеліктерімен байланысты болды.

Өзімізге белгілі, Ресей коммунистік партиясының (большевиктердің) тарабынан жарияланған буржуазиялық және империалистік мемлекеттерге қарсы күресі және жұмысшылардың билігін орнату мақсатында басқа елдерге «революцияны экспорттау», сонымен қоса Бірінші дүниежүзілік соғыстан шығуы Ресей Кеңестік Федеративті Социалистік Республикасын (РКФСР) халықаралық тұрғыдан мойындау үдерісін тежеген болатын. Осылайша, жаңадан құрылған кеңестік мемлекет Азамат соғысы жағдайында дипломатиялық изоляцияда қалып қойған болатын. Ал, Түркиядағы жағдайға келер болсақ, 1918 ж. аяғынан бастап мемлекетте ағылшын және француз оккупациялық әскерлеріне қарсы жаппай партизан соғысы орын алған. Осы кезде тәуелсіздік үшін күресу бастамасын М.К. Ататүрік өзіне алған болатын. 1920 ж. 16 наурызда Англияның Осман империясының астанасы Стамбулды басып алуынан соң 1920 ж. 23 сәуірінде кемалисттер Анкарада жаңа парламент — Түркияның Ұлы ұлттық жиналысын (ТҰҰЖ) жасаған. Соңынан, Түркияның интервенциялануы жағдайында М.К. Ататүрік кеңестік Ресейден көмек сұрайды.

1920 жылы М.К. Ататүрік Кеңес үкіметіне хат жазып, орыс-түрік қарым-қатынастарын жан-жақты дамыту ниетін білдіре отырып, кеңестік Ресейден қаржылық және әскери көмек сұрады. Ататүрік хатында Батыс империализміне қарсы бірлескен күштермен күресуді ұсынды. 1920 жылы 9 маусымда «Известия» газеті Сыртқы істер халық комиссары Г.В. Чичериннің Ататүрікке жолдаған хатында: «екі тарап бірлесе күресуге және барлық ұлттармен халықтардың азаттығы үшін бірге жұмыс жасауға дайын деп» жазды. Кеңес үкіметі Түркияның жаңа үкіметінің сыртқы саяси ұстанымдарына қолдау білдіріп, екі жақты келіссөздердің көмегі арқылы Парсы (қазіргі Иран) және Армения арқылы шекараны орнатуға болатынын атап өткен. Кеңес үкіметі Түркияға жолдаған үндеуінде халықтардың өзін-өзі билеу құқықтарын жүзеге асыру үшін, түрік тарапының шақыруымен кеңестік дипломаттардан құралған делегация өзінің миссиясын орындау үшін, Анкараға келуге дайын екенін жеткізді. Екі мемлекеттің аумағында дипломатиялық қарым-қатынас орнату және елшіліктер ашу ұсынылды. Чичерин: «Кеңес үкіметі түрік халқының өз тәуелсіздігі мен егемендігі үшін жүргізіп жатқан қаһармандық күресін үлкен қызығушылықпен бақылап отыр, және осы киын күндерде түрік және орыс халықтарын достық біріктіруі керек» деп атап өтті [1].

Кеңестік Ресей тарабынан Түркияға көмек беріледі, атап айтқанда, Азамат соғысының ауыртпалығына карамастан, РКФСР үкіметі Түркияға 6000 винтовка, 5 млн артық винтовка оғын, 17600 снаряд және 200 кг алтын құймасын жібереді [2].

Соңынан, 1921 жылдың 16 наурызында Мәскеуде екі мемлекеттің арасында 16 баптан және қосымшадан тұратын «Достық және бауырластық жөніндегі» Мәскеу келісімшартына қол қойылады [3]. Бұл Келісімшарт РКФСР мен Түркия арасындағы дипломатиялық қатынастарды бекітеді. Атап өту қажет, аталған Келісімшартқа қол қою кезеңінде РКФСР мен Түркия халықаралық құқық субъектісі ретінде танылған жоқ, сондықтан екі тарап арасында қол қойылған Келісімшарт халықаралық құқық тарабынан заңды күшке ие емес.

Дегенмен, ресейлік және түріктік зерттеушілердің көпшілігі екі мемлекеттің арасындағы «Достық және бауырластық» жөніндегі Келісімшартты сол кезеңдегі халықаралық қатынастар жағдайында қол қойылған дұрыс саясат ретінде бағалайды. Мысалы, А.Ф. Миллер аталған Келісімшартты оң бағалап, Түркияның дипломатиялық жеңісі болғандығын көрсетеді [4; 67]. Кеңестік зерттеуші А.Н. Хейфец кеңес-түрік қатынастарының жаңа деңгейге шығуы және

жақындауында армян мәселесінің рөлін көрсетеді [5; 58]. Осылайша, зерттеушілер Мәскеу келісімшартын сол кездегі мәселені шешудің бірден-бір тиімді жолы ретінде қарастырады.

Әрине, біздің пікірімізше аталған Келісімшартқа қол қойып, екіжақты қатынастарды дамытуға екі тараптың да қызығушылығы болды. Мысалы, Кеңес үкіметі кеңестік экономиканы қайта қалпына келтіру үшін қолайлы сыртқы жағдайды қалыптастыру және өз шекараларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге талпыныс жасап және ТҰҰЖ үкіметі күресінің революциялық мәнін ескере отырып және қаржылай көмек көрсету арқылы оның билігін күшейтіп, РКФСР үкіметі Түркиямен достық қатынастарды дамытуға қызығушылық танытты. ТҰҰЖ үкіметінің Анатолиядағы интервенттерге қарсы әскери соғысы аймақтағы Антантаның жоспарын бұзып, кеңестік Ресейдің позициясын нығайтты.

Дегенмен, 1922 ж. екі мемлекеттің арасындағы қарым-қатынастарда қайшылықтар басталады. Бұл қайшылықтар 1922 ж. 20 қарашада шақырылған халықаралық Лозан конференциясының жұмысында қарастырылған бұғаздар мәселесіне қатысты болды. Конференцияда Қара теңіз бұғаздарын қолдану туралы Конвенцияның екі мүмкін жобасы қарастырылды. Біріншісі, ағылшындар тарабына тиісті болды және ол Жерорта теңізінен Қара теңізге еркін жүзуді, атап айтқанда «ашық теңіз принципі» қарастырды. Ал, Кеңес үкіметі керісінше, бұғазға Қара теңіз мемлекеттерінен басқа елдердің әскери кемелерінің бұғаз арқылы өтуіне тыйым салу керек деген көзқарасты ұстанды. Конференцияға қатысушы мемлекеттер, сонымен қоса Түркия КСРО-ның аталмыш ұстанымына қолдау білдірген жоқ. Түркия үкіметі Кеңес үкіметінің бұғаз жағалауларындағы қауіпсіздікті нығайту туралы ұстанымын қолдамайтындығын атап өтіп, бұғаздардың жабылуы Түркия үшін тиімсіз екендігін атап көрсетеді.

Осымен қатар, 1923 ж. ортасына қарай Кеңес үкіметі мен Түркия арасындағы қатынастардың салқындауына ықпал еткен келесі факторларды атап өтуге болады: ТҰҰЖ-ның Кеңес үкіметінің қадамдарын Түркияның сыртқы саясатын қадағалағысы келеді және өзінің сыртқы саясатында Түркияны қолданғысы келеді деп қабылдауы; ТҰҰЖ-ның Түркиядағы кеңестік сауда өкілдіктерінің жұмыс жасауын тоқтатуы және Түркияға Кеңес үкіметінің тауарларын кіргізуге қарсылығы.

С.И. Араловтың «Воспоминания советского дипломата 1922–1923» аталатын естелігінде РКФСР-дың Түркиядағы сауда өкілдіктерінің мәртебесі мәселесіне және кеңестік тауарларды Түркияға шығаруға тыйым салу жөнінде фактілік материалдар келтіріп, КСРО-ға қарсылық жаңа Түркияның үкіметі тарабынан емес, түрік контрреволюционерлерінің тарабынан болғандығын атап көрсетеді [6; 63].

Дегенмен, екі мемлекеттің арасындағы қатынастарда қалыптасқан қайшылықтарға қарамастан, 1923 ж. ортасына қарай Кеңес үкіметі екі жақты қатынастарды реттеу бойынша қадамдар жасады, атап айтқанда, Кеңес үкіметі Түркиямен экономикалық қатынастарды дамытуға назар аударып, бұл екіжақты саяси қатынастарды да жақсартуға мүмкіндік береді деп санады. Осылайша, Кеңес Одағындағы түрік саудагерлеріне өз саудаларын жүргізуге жеңілдіктер беріп, уақытша статус беру туралы шешім қабылдайды. Бұл статуска сәйкес түрік саудагерлеріне КСРО территориясына лицензиясыз өз тауарларын әкеліп сатуға және КСРО-дан Түркияға ерекше тізімде көрсетілген тауарларды алып кетуге рұқсат берілді. Сонымен бірге, Кеңес үкіметі екі мемлекеттің арасындағы консулдық мәселелерді реттеу бойынша іс-шаралар қабылдайды. КСРО-ның мұндай саясатын Түркия ірі қадам ретінде қабылдайды [7; 22].

Осының нәтижесінде, 1924 ж. қыркүйекте Кеңес үкіметі Түркия үкіметіне екі мемлекеттің де қызығушылықтарына сәйкес келетін және тату көршілік қатынастарды нығайтуға ықпал ететін қосымша келісімшартқа қол қоюды ұсынды. Кеңес үкіметі мұндай келісімшартқа бір-біріне шабуыл жасамау, бейтараптылық және екі мемлекеттің біреуіне басқа үшінші қарсылық білдірген мемлекетпен келісімге келмеу, екі мемлекеттің арасында өзара сенім жағдайын қалыптастыру мәселелерін қосуды ұсынды. Осылайша, Кеңес үкіметі үшін Түркиямен қарым-қатынастарды жақсарту мен дамыту маңызды болғандығын көруімізге болады. Осындай саяси үрдістердің нәтижесінде, 1925 ж. 17 желтоқсанда екі мемлекеттің арасында Келісімшартқа қол қойылады. Келісімшартқа сәйкес, Кеңес үкіметі Түркияның тәуелсіздігін қолдайтындығын және тұрақты достық қатынаста болатындығын көрсетті. Осымен бірге, КСРО Түркияға қатысты туындаған қайшылықтарды тек қана бейбіт жолмен реттеуге міндеттенді [8].

КСРО мен Түркия арасындағы қатынастарды зерттеуге айтарлықтай үлес қосқан зерттеушілер Н.М. Лавров, П. Моисеев, Ю. Розалиев 1925 ж. 17 желтоқсандағы келісімшартты бағалай келе, «келісімшарт өзара түсіністік пен екі тараптың да мүдделерін ескеру негізінде қол қойылды. Бұл

келісімшарт халықаралық тәжірибеге бейтараптылық пен бір-біріне шабуыл жасамау туралы екіжақты пактінің жүйесін енгізді» деп атап көрсетеді [9], [10]. Әрине, 1925 ж. Келісімшарттың Түркия үшін маңызы болды, себебі, бұл кезеңде Түркияның ішкі саяси жағдайы қиындады және Мосул үшін Ұлыбританиямен шиеленіс басталған болатын. 1925 ж. Келісімшарттың ерекше маңыздылығын атай келе, Г.В. Чечерин өзінің естелігінде «Бізді Түркиямен байланыстыратын мүдделердің ортақтығы — бұл КСРО мен Түркия халықтары үшін бейбітшілікті қамтамасыз ету және ішкі шаруашылықты қалпына келтірумен байланысты» [11; 485] деп атап көрсетеді.

XX ғ. 20-жылдарының аяғына қарай кеңес-түрік қатынастарындағы маңызды оқиғалардың бірі — КСРО Сыртқы істер Халық комиссарының орынбасары Л.М. Караханның 1929 ж. желтоқсанында Түркияға іс-сапары болды. Себебі, іссапар барысында Түркия үкіметімен келіссөздер жүргізіліп, нәтижесінде 1929 ж. 17 желтоқсанда Анкарада 1925 ж. «Бейтараптылық пен бір-біріне шабуыл жасамау туралы» Келісімшартты ұзарту туралы Хаттамаға қол қойылды [12; 739].

Сонымен бірге, 1932 жылдың 25 сәуірінде Түркияның Премьер-министрі Исмет Иненнің Мәскеуге ресми сапары екі мемлекеттің пайдасына оң, нақты нәтижелер әкелді. Бұл сапарда Түркияның Ұлттар Лигасына мүшелігі, халықаралық деңгейде ынтымақтастықты жалғастыру және жаңа өнеркәсіптік кешендер салу үшін 25 жылға дейінгі мерзіммен Түркияға көлемі 8 млн долларды құрайтын пайызсыз несие беру сияқты маңызды мәселелер талқыланды [13].

Алайда, 1934 ж. бастап КСРО мен Түркия арасындағы қатынастарында қарама-қайшылықтар орын алып, екіжақты серіктестіктің біртіндеп әлсіреуі байқалды. Мұндай қарама-қайшылықтар мен екі жақты ынтымақтастық деңгейінің төмендеуі әсіресе бұғаздардың мәртебесі туралы Конвенцияға қол қойылғаннан кейін айқын байқалды (1936 жылғы 20 шілдедегі Монтре Конвенциясы). Ал Екінші дүниежүзілік соғыс қарсаңында Мәскеу мен Анкара арасындағы қайшылықтар және даулар айтарлықтай ашық көріне бастайды. XX ғ. 30-жылдарындағы екі мемлекеттің арасындағы шиеленістің басты себептерінің бірі — Қара теңіз бұғаздарына қатысты болды. Атап айтқанда, 1933 жылдан бастап Түркия Лозан конференциясында қабылданған бұғаздардың тәртібі мен мәртебесін өзгерту мақсатында өз мүдделерін қорғай бастайды. 1936 ж. 10 сәуірде Түркия Лозан келісімшартына қол қойған мемлекеттерге нота жіберіп, онда Еуропадағы қайшылықтардың нығаюы мен қарқынды саяси оқиғаларға байланысты Лозан келісімшартында бекітілген Қара теңіз бұғаздары қауіпсіздігінің халықаралық кепілі жұмыс жасамайтындығы және оның пайдасыз екендігі түсіндірілді. Осыны ескере отырып, Түркия бұғаздардың қалыптасқан мәртебесін өзгертуді талап етіп, мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін өз әскерлерін ешқандай санкциясыз бұғаздардың зонасына жайғастыруды сұрайды. Атап өту қажет, Түркияның мұндай қадамы Ұлыбритания мен КСРО тарабынан қолдау табады. Түркияның ұсынысы бойынша Италиядан басқа, Лозан конференциясының барлық қатысушылары, сонымен қоса КСРО Монтре (Швейцария) қаласында кездесіп, 1936 ж. 20 маусымда Қара теңізі бұғаздарының құқықтық мәртебесін және тәртібін анықтайтын халықаралық конвенцияға қол қояды.

Аталған Конвенцияны талқылау барысындағы түрік-ағылшын қатынастарындағы жақындасу кеңес-түрік ынтымақтастығын екінші орынға итермелейді. Осылайша, дәл осы кезеңде, яғни Монтре халықаралық конвенциясына қол қойылғаннан кейін, Мәскеу мен Анкара арасындағы қатынастардың құлдырауы мен нашарлауы байқалды. Яғни, Түркия мен Батыс елдері арасындағы ұлттық және аймақтық, сонымен бірге саяси диалогтың орын алуы КСРО-ны алаңдатқан болатын.

Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін белгілі түрік ғалымдары Иехмат Гонлубол мен Халук Ульманның пікірінше, жаһандық ауқымдағы саяси және әскери күштердің тепе-теңдігі үш лагерьге бөлінді:

- 1) АҚШ, Ұлыбритания және басқада еуропалық мемлекеттер кірген империалистік блок;
- 2) гитлерлік Германия айналасындағы фашистік блок;
- 3) КСРО басшылық еткен социалистік блок [13].

Соғыс басталғанға дейін Түркия барлық үш блокпен тығыз және достық қарым-қатынасты сәтті құрды және бір блокты екіншісінен артық көрместен өзінің сыртқы саяси бағытын мұқият қадағалады. 1939 жылы 23 тамызда фашистік Германия мен КСРО арасындағы шабуыл жасамау туралы келісімге қол қойылғаннан кейін, фашистік неміс армиясы 1939 жылдың 1 қыркүйегінде Польшаға шабуыл жасады, содан кейін 1939 жылдың 3 қыркүйегінде Франция мен Ұлыбритания Германияға қарсы соғыс жариялады. Осылайша Екінші дүниежүзілік соғыс басталды. Шығыс Еуропадағы соғыс қимылдарының басталуынан соң, Түркияның Батыстағы серіктестері Анкараның гитлерлік Германияға қарсы соғысқа қатысуға көндіргісі келеді. Себебі, антигитлерлік коалицияның

пікірінше неміс армиясына қарсы Балқанда жаңа майданды ашу Германияны жеңу үрдісінде маңызды деп санады.

Дәл осы кезеңде Түркия Премьер-министрі Шукру Сарачоглудың 1939 жылғы 23 қыркүйек — 17 қазан аралығындағы Мәскеуге іссапары және осы маңызды сапар шеңберіндегі ресми келіссөздер (Мәскеу келіссөздері) кеңес-түрік қатынастарындағы бетбұрыс кезеңі болып табылады. Бұл келіссөздерде кеңестік тарап Түркиядан Монтре Конвенциясының Қара теңіз емес елдердің әскери кемелерінің өту режимін анықтайтын тармақтарына кейбір өзгерістер енгізуді талап етті. Осы қадаммен Мәскеу Анкараны оңтүстіктегі буферлік аймақ ретінде соғыс қимылдарынан тыс ұстап, Қара теңіз емес елдерге бұғаздарды толығымен жабуға тырысты. Шын мәнінде, КСРО-ның мұндай талаптарының басты себебі — Кеңес үкіметін қару-жарақты жасырын түрде азаматтық кемелерде тасмалдау мәселесі алаңдатты. Ұзақ күрделі кездесулерден кейін Мәскеу келіссөздері оң нәтиже бермеді. Шынында да, белгісіз саяси атмосфера аясында Түркия КСРО-ның әрекеттері мен саясатына күмән келтіре бастады. Осылайша, Ленин мен Ататүріктің қиын кезеңдердегі перспективалық шешімдерінің арқасында қалыптасқан екіжақты достық байланыстар және ынтымақтастық біртіндеп нашарлап, екі мемлекеттің арасындағы қатынастардың шиеленіскен кезеңі басталады және бұл шиеленістік жағдай «Қырғи қабақ соғысы» кезеңінде де жалғасын табады [14].

Қорытынды

XX ғ. 20-30 жылдарындағы Кеңес Одағы мен Түркия арасындағы ынтымақтастық тарихын қарастыра келе, екі мемлекеттің арасындағы байланыстарда қарама-қайшылықтардың орын алғандығын көре аламыз. Екі елдің арасында жан-жақты қатынастардың қалыптасуында 1921 жылғы Мәскеу келісімшарты маңызды рөл атқарған. Бұл Келісімшарт ТҰҰЖ және КСРО үкіметтері арасындағы болашақ қатынастардың негізін қалаған кеңес-түрік қатынастарының бастапқы кезеңін анықтап берді. Кеңес Одағы мен Түркия қарым-қатынастарындағы қарама-қайшылықтар Қара теңіздегі бұғаздар мәселесіне қатысты болды. Бұл мәселеге қатысты екі мемлекетте өздерінің ұлттық мүдделерін көздеп, соған сәйкес саясат жүргізуге ұмтылды. Бұл өз кезегінде екі мемлекет арасындағы саяси қатынастарды қиындатты. Дегенмен, саяси қатынастардың нашарлауына қарамастан, екі ел арасында экономикалық байланыстар өзінің дамуын жалғастырды. Екі мемлекеттің басшылары қалыптасқан күрделі саяси жағдайларға қарамастан өзара баланыстарды нығайтуға деген қабілеттілігін көрсетті.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Кемалисти и Турецкое Правительство // Известия. — 1920. — № 258. — С. 2.
- 2 Баранов Д. 95 лет российско-турецким дипломатическим отношениям: исторические факты и перспективы / Д. Баранов. — Международная жизнь. — 2015. — № 6. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1314>
- 3 Московский договор между Россией и Турцией. 16 марта 1921 года. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <http://doc20vek.ru/node/4149>
- 4 Миллер А.Ф. Турция. Актуальные проблемы новой и новейшей истории / А.Ф. Миллер. — М.: Наука, 1983. — 275 с.
- 5 Хейфец А.Н. Советская дипломатия и народы Востока. 1921–1927 / А.Н. Хейфец. — М.: Наука, 1968. — 326 с.
- 6 Аралов С.И. Воспоминания советского дипломата. 1922–1923 / С.И. Аралов. — М.: Изд-во Ин-та междунар. отношений, 1960. — 224 с.
- 7 Заляев Р.И. Внешняя политика Советского государства по отношению к Турции (август 1922—декабрь 1925): автореф. дисс. ... канд. ист. наук. Спец.: 07.00.02 — «Отечественная история» / Р.И. Заляев. — Казань, 2009. — 27 с.
- 8 Договор между СССР и Турцией. 17 декабря 1925 г. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/138563-dogovor-mezhdu-sssr-i-turtsiye-17-dekabrya-1925-goda#mode/inspect/page/1/zoom/4>
- 9 Лавров Н.М. Турция в 1918–1956 годах / Н.М. Лавров. — М., 1956. — 54 с.
- 10 Моисеев П. К истории советско-турецких отношений / П. Моисеев, Ю. Розалиев. — М.: Гос. изд-тво полит. лит-ры, 1958. — 84 с.
- 11 Чичерин В.Г. Статьи и речи по вопросам международной политики / В.Г. Чичерин. — М.: Соцэкгиз, 1961. — 516 с.
- 12 Документы внешней политики СССР: [В 24-х т.]. — Т. VIII. — М.: Госполитиздат, 1963. — 864 с.
- 13 Кайгусуз К. Основные причины процесса трансформации турецко-советских дипломатических отношений 1936–1946 гг. / К. Кайгусуз, И. Руов. — [Электронный ресурс]. — Режим доступа: <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/387075>

Г.К. Отарбаева, А.К. Отарбаева

История взаимоотношений Турции и Советского Союза в 20–30-е годы XX века

В статье рассмотрен процесс становления советско-турецкого диалога, когда шла освободительная война Турции после завершения Первой мировой войны и вклад СССР в победу Турции в этой войне. Авторами проанализированы причины и положительные результаты советско-турецкого сотрудничества и позиция Анкары по возможному распространению коммунистического влияния в стране, изучена трансформация дипломатических отношений между Анкарой и Москвой от положительного к отрицательному, а также расхождения в позициях по вопросу о проливах накануне Лозаннской конференции, при этом выявлены позиции двух правительств по вопросу о проливах. Освещена деятельность советского правительства по выявлению причин, которые привели к охлаждению в советско-турецких отношениях в середине 1923 года. Кроме того, в статье отмечено влияние дипломатических и военных мер, предпринятых СССР, в рамках реализации договоренностей о разделе сфер интересов с Германией (советско-финская война и др.), на позицию Турции по отношению к Советскому Союзу в конце 30-х годов XX века.

Ключевые слова: Советский Союз, Турция, история внешней политики, внешняя политика Советского Союза, советско-турецкие отношения, интересы СССР и Турции.

G.K. Otarbayeva, A.K. Otarbayeva

The history of relations between Turkey and the Soviet Union in the 20-30s of the XX century

In the article the process of formation of the Soviet-Turkish dialogue was examined, when the liberation war of Turkey after the end of the First World War and the contribution of the USSR to the victory of Turkey in this war was going on. The authors analysed the reasons and positive results of the Soviet-Turkish cooperation and Ankara's position on the possible spread of communist influence in the country, and examined the transformation of diplomatic relations between Ankara and Moscow from positive to negative. The authors examined the divergence of positions on the Straits issue on the eve of the Lausanne Conference and identified the positions of the two governments on the Straits issue. The activities of the Soviet government to identify the reasons that led to the cooling in Soviet-Turkish relations in the middle of 1923 were highlighted. In the article the influence of diplomatic and military measures taken by the USSR in the framework of the implementation of agreements on the division of spheres of interest with Germany (the Soviet-Finnish war, etc.) on the position of Turkey towards the Soviet Union in the late 30s of the twentieth century was also analysed.

Keywords: Soviet Union, Turkey, history of foreign policy, foreign policy of the Soviet Union, Soviet-Turkish relations, interests of the USSR and Turkey.

References

- 1 (1920). Kemalisti i Turetskoe Pravitelstvo [Kemalists and the Turkish Government]. *Izvestiia — News*, 258, 2 [in Russian].
- 2 Baranov, D. (2015). 95 let rossiisko-turetskim diplomaticheskim otnosheniiam: istoricheskie fakty i perspektivy [95 years of Russian-Turkish diplomatic relations: historical facts and prospects]. Retrieved from <https://interaffairs.ru/jauthor/material/1314> [in Russian].
- 3 Moskovskii dogovor mezhdru Rossiei i Turtsiei. 16 marta 1921 goda [Moscow Treaty between Russia and Turkey. March 16, 1921]. Retrieved from <http://doc20vek.ru/node/4149> [in Russian].
- 4 Miller, A.F. (1983). Turtsiia. Aktualnye problemy novoi i noveishei istorii [Turkey. Actual problems of modern and contemporary history]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 5 Kheifets, A.N. (1968). Sovetskaia diplomatia i narody Vostoka. 1921–1927 [Soviet diplomacy and the peoples of the East. 1921–1927]. Moscow: Nauka [in Russian].
- 6 Aralov, S.I. (1960). Vospominaniia sovetskogo diplomata. 1922–1923 [Memories of a Soviet diplomat. 1922–1923]. Moscow: Izdatelstvo Instituta mezhdunarodnykh otnoshenii [in Russian].
- 7 Zalialev, R.I. (2009). Vneshniaia politika Sovetskogo gosudarstva po otnosheniiu k Turtsii (avgust 1922—dekabr 1925) [Foreign policy of the Soviet state towards Turkey (August 1922 — December 1925)]. *Extended abstract of candidate's thesis*. Kazan [in Russian].

- 8 Dogovor mezhdu SSSR i Turtsiei. 1925 g. 17 dekabria [Treaty between the USSR and Turkey. 1925 December 17]. Retrieved from <https://docs.historyrussia.org/ru/nodes/138563-dogovor-mezhdu-sssr-i-turtsiey-17-dekabrya-1925-goda#mode/inspect/page/1/zoom/4> [in Russian].
- 9 Lavrov, I.M. (1956). Turtsiia v 1918–1956 godakh [Türkiye in 1918–1956]. Moscow [in Russian].
- 10 Moiseev, P., & Rozaliev, Yu. (1958). K istorii sovetsko-turetskikh otnoshenii [On the history of Soviet-Turkish relations]. Moscow: Gosudarstvennoe izdatelstvo politicheskoi literatury [in Russian].
- 11 Chicherin, V.G. (1961). Stati i rechi po voprosam mezhdunarodnoi politiki [Articles and speeches on international politics]. Moscow: Izdatelstvo sotsialno-ekonomicheskoi literatury [in Russian].
- 12 (1963). Dokumenty vneshnei politiki SSSR [Documents of the Foreign Policy of the USSR]. Moscow: Gospolitizdat, VIII [in Russian].
- 13 Kaigusuz, K., & Ruov, I. Osnovnye prichiny protsessa transformatsii turetsko-sovetskikh diplomaticheskikh otnoshenii 1936–1946 gg. [The Main Causes of the Process of Transformation of Turkish-Soviet Diplomatic Relations 1936–1946]. Retrieved from <https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/387075> [in Russian].
- 14 Mehmet, Gönübol. (1990). Olaylarla Türk Dış Politikası [Turkish Foreign Policy with Events]. Ankara.

Авторлар туралы мәлімет

Отарбаева Гулжан — т.ғ.к., Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0009-0001-5048-6083>

Отарбаева Акжаркын — магистр, аға оқытушы, Мұхтар Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан; <https://orcid.org/0000-0001-9285-5468>

Information about the authors

Otarbayeva Gulzhan — Candidate of historical sciences, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; <https://orcid.org/0009-0001-5048-6083>

Otarbayeva Akzharkyn — Master, Senior lecturer, Mukhtar Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan; <https://orcid.org/0000-0001-9285-5468>